

## **«ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ №23 СӘБИЛЕР БАҚШАСЫ» КМҚК ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

Өзін-өзі бағалаудың аналитикалық материалдары негізінде анықталды:

1. Сәбилер бақшасы штаттық кестеге сәйкес педагогикалық кадрлармен 100% - ға жасақталған. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және курстардан өтудің перспективалық жоспары бар. Барлық педагогтар біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Басшының, әдіскердің және тәрбиешілердің 62% мектепке дейінгі білімге ие.

1. Балабақшада ұжымның зияткерлік және инновациялық әлеуетін дамыту үшін жасалған жағдайлар тәрбие-білім беру үдерісінің тұтастығын толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және баланың жан-жақты, толыққанды дамуына кепілдік береді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар логопед және педагог-психологпен сабақтар арқылы психологиялық-педагогикалық қолдау алады. Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламалар бекітілді.

2. Балабақшада әр түрлі іс-әрекеттегі балалардың танымдық және сөйлеу дамуын ынталандыратын, баланың үйлесімді дамуына ықпал ететін пәндік-кеңістіктік даму ортасы құрылған. Оқу-тәрбие үдерісі дидактикалық және ойын материалымен жабдықталған.

Материалдық-техникалық базаның жағдайы педагогикалық талаптар мен санитарлық нормаларға сәйкес келеді.

3. Жасалған және бекітілген құжаттама мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының іске асырылуын қамтамасыз етеді.

4. Тәрбиленушілердің біліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейі МЖМБС біліктері мен дағдыларының тізіміне сәйкес келеді.

5. Халықаралық және республикалық деңгейдегі конкурстарға қатысушылар (педагогтар мен тәрбиеленушілер) саны артты.

### ***Мектепке дейінгі ұйымның даму перспективалары:***

#### ***I. Педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру:***

1. 2022-2027 жылдары педагогтердің «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алуы 38% - ды (10 педагог) жоспарласын.

2. Педагогтердің одан әрі кәсіби өсуі үшін қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейлердегі оффлайн іс-шараларға педагогтер мен тәрбиеленушілердің қатысуға белсендіруін жалғастыру.

3. Әр түрлі педагогикалық іс-шаралар мен жұмыс түрлерін (педагогикалық ринг, шебер-класс, тағылымдамалық алаңдар, АКТ-технологияларды пайдалану, коучингтер) ұйымдастыру арқылы педагогтердің кәсіби өсуін жетілдіру.

4. Озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және ұсыну.

#### ***II. Білім беру мен тәрбие сапасын арттыру.***

1. Жобалық іс-әрекет (зияткерлік және шығармашылық жобалар) арқылы танымдық және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған педагогтердің, балалардың бірлескен іс-әрекеті үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

2. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға балалардың танымдық және сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін жаңа заманауи инновациялық технологиялар мен әдістемелерді (флипбук, кейс-технологиялар мнемотехника) енгізу.

*III. Инклюзивті білім беру бойынша жұмыс жүйесін ұйымдастыру және жағдайын қамтамасыз ету:*

1. Белсенді жұмыс түрлері арқылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту және тәрбиелеу бойынша педагогтер мен ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениетінің деңгейін арттыру.

2. Педагогтердің инклюзивті білім беру бойынша курстардан өтуін перспективалық жоспарға енгізу.

*IV. Тәрбиеленушілердің салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру:*

1. Спорттық мерекелер мен бос уақытты өткізу, дәстүрлі емес жұмыс түрлері (спорттық-білім беру бос уақыттарында, газеттер және т.б.) арқылы балалардың денсаулығын сақтау және нығайту.

2. Денсаулық сақтау технологияларын пайдалану бойынша жұмысты жетілдіру (шынықтыру іс-шаралары, сауықтыру жүгірісі, эвритмия, квест-технология, геокешинг).

3. Ойын, жаттығу және оқыту элементтерін біріктіре отырып, әр түрлі іс-шараларда балалардың қозғалыс режимін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын қолдану.

*V. Жалпыадамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен толеранттылықты тәрбиелеуде отбасы мен балабақшаның ролін арттыру:*

1. «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасына негізделген бірлескен мерекелерді, іс-шараларды (онлайн, оффлайн) өткізу нысандарын жетілдіру.

2. Б. Жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайымен Павлодар облыстық Г. Н. Потанин атындағы тарихи-өлкетану мұражайымен ынтымақтастық ұйымдастыру.

*VI. Материалдық-техникалық базаны нығайту және заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жетілдіру:*

1. Материалдық-техникалық базаны жақсарту жөніндегі жоспарға қосу: ойыншықтар сатып алу.

### **Шешімі:**

1. Сәбилер бақшасы штаттық кестеге сәйкес педагогикалық кадрлармен 100% - ға жасақталған.

16 педагог - 62% «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білімі бар

#### **Өзін-өзі бағалау «Ortasha»**

2. Материалдық-техникалық базаның жағдайы педагогикалық талаптар мен санитарлық нормаларға сәйкес келеді.

Топтық үй-жайлардағы пәндік-кеңістіктік дамытушы орта «Денсаулық», «Таным», «Қатынас», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын интеграциялау қағидасын ескере отырып, типтік оқу бағдарламасына сәйкес қауіпсіздік техникасын, санитариялық-гигиеналық, психологиялық-педагогикалық, эстетикалық талаптар мен гендерлік тәсілді сақтай отырып құрылған.

#### **Өзін-өзі бағалау «uzdik»**

3. Сәбилер бақшасының оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келеді.

4. Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейі МЖМБС біліктері мен дағдыларының тізіміне сәйкес келеді.

**Өзін-өзі бағалау «uzdik»**

5. Халықаралық және республикалық деңгейдегі конкурстарға қатысушылар (педагогтар мен тәрбиеленушілер) саны артты.

**Өзін-өзі бағалау «uzdik»**

Өзін-өзі бағалаудың аналитикалық материалдарының негізінде комиссия сәбилер бақшасындағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру ҚР МЖМБС – «uzdik» бағасына сәйкес келеді деген қорытындыға келді.

**«Павлодар қаласының №23 сәбилер бақшасы»**

**КМҚК басшысы**



**Ә. С. Нұрпейісова**